

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒARTY МИНИСТРЛІГІНІҢ
«БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ» РММ

«NEGESH INTERNATIONAL» МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ КЕШЕНІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ІС БАСҚАРМАСЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ
ОРТАЛЫҒЫНЫҢ «ҚАРЛЫҒАШ» БАЛАБАҚШАСЫ» РММ

«ABADAN» БАЛАБАҚШАСЫ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ



ЦИФРЛЫҚ ҚОҒАМ ЖАҒДАЙЫНДА МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУІН ДАМУЫ ПРОЦЕСІНДЕ ДАҒДЫЛАРДЫ КІРІКТІРУ: МӘСЕЛЕЛЕР, ШЕШІМДЕР ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары
13 маусым 2025 жыл*

ИНТЕГРАЦИЯ НАВЫКОВ В ПРОЦЕССЕ РАЗВИТИЕ РЕЧИ ДОШКОЛЬНИКОВ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОГО ОБЩЕСТВА: ПРОБЛЕМЫ, РЕШЕНИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ

*Материалы международной научно-практической конференции
13 июня 2025 года*

Астана, 2025

Редакция құрамы:

Жиенбаева Сайра Нагашибаевна – п.ғ.д., профессор, Педагогика кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Жумабекова Фатима Ниязбековна - п.ғ.к., профессор, Педагогика кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Сағалиева Жанар Каукербековна– п.ғ.к., доцент, ҚР оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институты, ғылыми қызметкер

Адамова Манара Елекенқызы – п.ғ.м., ҚР Оқу –ағарту министрлігі, Мектепке дейінгі білім беру департаментінің басшысы

Ерманова Мария Наятқызы – п.ғ.м., ҚР оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институтының директоры

Тезекова Орынтай – Педагогика және психология білім беру бағдарламасының 3-курс Phd докторанты, Педагогика кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

УДК 373.2
ББК 74.100
Ц42

«Цифрлық қоғам жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту процесінде дағдыларды кіріктіру: мәселелер, шешімдер және келешегі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинақтары»: - Астана, «Бика» баспасы, 2025.- 516 б.

ISBN 978-601-7075-63-7

«Цифрлық қоғам жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту процесінде дағдыларды кіріктіру: мәселелер, шешімдер және келешегі» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының жинағында (AP19677736 «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың ғылыми-педагогикалық негіздері»" гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру аясында) мектепке дейінгі балалардың сөйлеуін дамытудың өзекті мәселелері бойынша ғалымдардың, магистранттар, докторанттар, жас ғалымдар, практиктердің ғылыми және практикалық тәжірибелеріне байланысты мақалалары жинақталған.

© «Бика» баспасы Астана, 2025

баланың туылғаннан бастау ала отырып, мидың сөйлеу аймақтарының белсенді жұмысы және жүйке жүйесінің икемділігін бағыттайтын ересек адамдардың мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу дағдысын қалыптастырудағы тұжырымды ұстанымдар болып табылады.

Пайданылған әдебиеттер тізімі

1. Зайцева Е.А., Коротаева Е.В. Возможности учебного диалога в обучении и развитии младшего школьника // Педагогическое образование в России. №12. 2014. – 166-170 с.
2. Гин А.А. Приемы педагогической техники: Свобода выбора. Открытость. Деятельность. Обратная связь. Идеальность: Пособие для учителя / А.А. Гин. — 13-е изд. — М.: ВИТА-ПРЕСС, 2013. — 112 с.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ТІЛІН ДАМУ

Шалғынбаева Қадisha Қадырқызы

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор,

Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан

E-mail: Kadisha1954@mail.ru

Аңдатпа. Ұсынылып отырған мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың тілін - ұлттық құндылықтар негізінде дамытуда қазақ халық педагогикасының теориялық және практикалық мазмұнындағы педагогикалық идеялар мен ағартушылық ой-пікірлер және тәрбие құралдары ретінде «тыйым» сөздердің тілді дамытудағы, қарым-қатынас мәдениетін жетілдіруге тигізетін әсері қарастырылды. Сонымен қатар, мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізудегі дидактикалық ойындарға ұлттық ойындарды ойнату арқылы олардың тілін дамытуда, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретуге мән берілді.

Кілт сөздер. Ұлттық тіл, құндылықтар, тіл дамыту, қазақ халық педагогикасы, құндылыққа бағдарлану, ұлттық ойындар, афоризмдер, ұлттық идея және т.б.

Ұлттық құндылықтардың қайнар көзі қазақ халық педагогикасы ғылымындағы, өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі ғасырлар сынынан өткен халықтық тәжірибе негізінен бастау алады. Өйткені, халық педагогикасындағы озық идеялар қазақ халқының тіршілік тынысымен, ұлттық тәрбие дәстүрімен тығыз байланыста туындап, өсіп-өркендеп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жетіп отырды. Сондай-ақ, өмірдің әлеуметтік жағдайларының өзгеруімен, қоғам мен тұлға қажеттіліктерінің дамуымен байланысты халық тәжірибесіндегі педагогикалық құндылықтар қайта жасалып, жаңаша сипат алып отырады.

Себебі, педагогика тарихында алдыңғы теориялардың мазмұнының кеңейтіліп, тың көзқарастар мен ағымдардың қалыптасуы заңды құбылыс, мұның өзі әлемдік педагогика мазмұнын қазақ педагогика ғылымының жетекші идеяларымен толықтыру қажеттілігін дәлелдейді. Өйткені құндылық бағдарлар тұлғаның ең басты, ауқымды сипаттамасының бірі ретінде әрекет етеді, ал оларды дамыту ізгілендіру педагогикасының негізгі міндеті және қоғам дамуының маңызды жолы болып табылады.

Қазіргі таңда елін сүйген, өз халқының болашағын ойлаған, «жеті атасын білмейтін ер жетесіз, жеті ғасыр тарихын білмейтін ел жетесіз» деген халық даналығын санасына ұлы қағида ретінде түйген зиялы ойдың иелері қазақ халқының этногенез жағынан алғанда, үш мың жылдан аса тарихы мен мәдениеті бар екендігін барша әлемге мойындату үшін күш жұмсауда.

Қазақ халқының арғы тегі Еуразиядағы ең ірі этностардың бірі түркі халықтарының әлемдік руханиятқа үлес қосуына Еуразия құрлығындағы Ұлы даланы мекендеген халықтардың көшпелі мәдениеті мен тәрбие тәжірибесі, ұлттық тілі, ислам дінінің озық тәрбиелік идеялары, ежелгі түрік, византия, араб, парсы, үнді, қытай мәдениеттері тоғысқан Түркістан жеріндегі Қарахан мемлекетінің саяси-экономикалық және әлеуметтік-мәдени жағдайлары әсер етіп, барлық адамзат баласын талай ғасырлар бойы толғандырып келе жатқан адам мен оның тәрбиесі

туралы ілімнің қыр-сырын зерттеуге жаңа мүмкіндіктер туғызды.

Түркі тектес халықтардың барлығына ортақ алғашқы педагогикалық ой-пікірлердің дамуы VI-IX ғасырлардан бастау алады, бұл қоғамдық сананың алғаш дүниеге келу кезеңі. Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі жазбалардың мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудегі, өскелең ұрпаққа лепті үнмен мәнерлеп ғибрат айту, көтеріңкі сарынмен үндеу тастау түрінде берілуімен тәрбиелік мәні орасан зор [1].

Алайда, ұлттық тіл жөніндегі маңызды пікірлер қазақ ағартушылығы мен ғұлама ойшылдары: Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Қ.А.Яссауи, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, және т.б. еңбектерінде көрініс тапқан. Орта ғасырларлық ғұламалардың мұраларындағы бұл мәселе төңірегіндегі айтылған ой-пікірлер XIX ғасырдың екінші жартысында Ыбырай, Абай, Шәкәрім, Сұлтанмахмұт мұраларында жалғасын тапты.

Мәселен, Әл-Фарабидің "Сөз ғылымдарының классификациясы туралы" деп аталатын трактаты 5 тараудан тұрады. Олар: "Тіл туралы ғылым", "Логика", "Математика", "Табиғат ғылымдары және тәңірілік ғылымдары", "Азаматтық ғылым, заң ғылымдары және догматикалық діни ілім" және т.б. Тараулардың аттарынан-ақ белгілі болып отырғандай, Әл-Фараби бұл ғылым салаларынан түрлеріне ерекше мән бере отырып түсіндіруге тырысады. Осы трактаты туралы Әл-Фараби: "Бұл кітаптағының бәрі пайдалы, өйткені, егер адам осы ғылымдардың бірін қарастырып, зерттегісі келсе, онда ол неден бастаудың, атап айтқанда, нені зерттеу керек екенін, зерттеу үшін ненің жарамсыз екенін және өзінің оған қай дәрежеде қолы жете алатындығын білетін болады. Сөйтіп, оның ғылымға баратын жолы қараңғылық пен надандыққа емес, білім мен парасатқа негізделетін болады",- деп жазды [2].

Сонымен қатар, 20 ғасырдың басындағы қазақ қоғамының шындығын, ондағы жаңашыл ой-пікірдің дамуына зор үлес қосқан Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармалары. Ол өзінің қысқа өмірінде қазақ әдебиетінде жарқын із қалдырып қазақ халқының жазба әдебиетінде әр жанрда еңбек етіп, ерекше көзге түскен, «қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болған», артынан өшпес із қалдырған көрнекті ақын. Әсіресе өзінің: Сүйемін туған тілді – анам тілін, Бесікте жатқанымда-ақ берген білім. Шыр етіп жерге түскен минутымнан, Құлағыма сіңірген таныс үнін, – деп жырға қосқан. Ана тіліміз - ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан баға жетпес мұра [3].

Демек, ұлттық құндылықтар: ұлттың тілі, ділі, діні, салт-дәстүрі, әдеп-ғұрпы, тарихы, мәдениеті, өнері, әдебиеті, музыкасы, ата мұрасы және т.б. Осы құндылықтардың мәні не, маңызы қандай, мақсаты неде дегенге келетін болсақ, құндылықтардың әрқайсысы мектеп жасына дейінгі балалардың өмірлік ұстанымына тікелей әсер-ықпал етіп, олардың жеке тұлғалық бағыттылығын, сенімдерін, дүниеге көзқарасын, идеалдарын, ұмтылыстарын, өмір сүру түрін еркін таңдай алуын өздігінен іске асырып, олардың коммуникативтік әлеуетін барынша ашуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар ұлттық тіл — мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың маңызды факторы ретінде саналған мемлекеттік тілді балабақша, мектеп, жоғары оқу орындары, мемлекеттік қызмет және қоғамдық саяси, әлеуметтік-кәсіпкерлік саласында батыл қолданысқа енгізіп, қазақстандықтардың өмірлік қажетіне айналдыру- бұл мемлекеттік ұстаным. Мәселен, қазақ халқының мектеп жасына дейінгі балаларды отбасында еңбекке даярлаудағы тәрбие құралы ретінде пайдаланылатын моральдық-этикалық ұғымдары ұрпақтан ұрпаққа жазылмаған заң ретінде ұлағатты асыл сөздері немесе афоризмдер арқылы беріліп отырған.

Бұл афоризмдердегі еңбек тәрбиесі моральдық-этикалық көзқарас тұрғысында жай сипаттаумен ғана шектелмейді, моральдық-этикалық норма, тәжірибе түрінде қарастырылады. Енді осы моральдық-этикалық ережелер мен нормалардың мектеп жасына дейінгі балаларды еңбекке даярлаудағы рөлін анықтап көрейік. Қуаң табиғат, көшпелі өмір салтының қиыншылықтарына көндігу адамдардың бірін-бірі жатсынбай, біріне-бірі арқа сүйеп өмір сүруін қажет етті. Бұл қажеттілікті терең сезінген көшпелілер «адамның күні – адаммен» деген принципті тіршіліктеріне тірек еткен. Сондықтан да әрбір көшпелі қазақ туыстық-қандастық жүйені тарата білуді өмір сүрудің нормасы, моральдық-этикалық өлшемдер деп білген. Мұндай

дәстүрдің бұлжымай сақталуына жеті аталық үрдіс ұйытқы болып отырған. Бұл орайда жеті аталық үрдіске ұлттың этнобиологиялық және этномәдени тұтастығын қамтамасыз ететін ғажайып тетік (механизм) ретінде ден қоюға тұра келеді.

Қазақтың дәстүрлі еңбек тәрбиесіне байланысты моральдық-этикалық ұғымдарын **«тыйым» сөздердің** мазмұнынан да толық байқауға болады. Тыйым сөздердің әлеуметтік қызметі мектеп жасына дейінгі балаларды еңбек тәрбиесінде шаруаға ұқыптылық, салмақтылық қасиеттерін қалыптастыруға, еңбекті қадірлеп, өзін-өзі тәрбиелей білуге, еңбек адамдарына құрмет көрсете білуге баулуға бағытталған. Көне замандардан бастау алатын мұндай сөздерді қазақ балалары бесік жырымен есітіп, зердесіне құйған, талқылауға жатпайтын, сөзсіз орындалуы тиіс ақиқат ретінде қабылдаған. Үлкенді сыйлап, айтқанын екі етпеген бала осы нақылдарды ылғи есіне алып, жаман әдеттерден бойын таза сақтаған. Олар адамды өмірдің күрделі жағдайларында артында зардабы бар теріс жолдар мен қылықтардан сақтандырып отырған. Күрмеуі қиын, толқымалы сәттерде бірден-бір дұрыс және математикалық өрнек іспетті, дайын шешім болып табылатын тыйым сөздердің моральдық-этикалық маңызы бүгінгі күнде артпаса, кеміген жоқ. Қайта, бабаларымыздың балаға ескерту жасап, реніш, өкпе, наз айта салғанындай көрінетін осы сөздердің мағанасы мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек тәрбиесі үшін тікелей пайдасы бары ғылым-білім жетістіктерімен де расталып келеді [4].

Себебі, тыйым сөздердің көпшілігі көне замандардағы наным-сенімдерден бастау алғанымен, іс-жүзінде барлығы да өмір қажеттіліктерінен туындап отырған. Бұл тыйымдардың сан ғасырлар бойы тұрақты сөз тіркесі ретінде тілдік қолданысымызда сақталып келуінің өзі, олардың наным-сеніммен ғана емес, нақты тіршілікпен байланыстылығының, өмір үшін өзектілігінің белгісі. Тіл – таразымызда тартылып, сөз санамызда сақталып қалған моральдық-этикалық түсініктер мазмұны ұлттық таным көкжиегін кеңейтіп, бүгінгі қазақ халық педагогикасында мектеп жасына дейінгі балаларды еңбекке даярлауда тірек болды. Оларға мынадай тыйым сөздерді жатқызуға болады: Аз жұмысты қиынсынсаң – көп жұмысқа тап боласың; Азға қанағат қылмасаң – көптен құр қаласың; Егер ісім өнсін десең – ретін тап; Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап; Еңбек қылмай тапқан мал, дәулет болмас, қардың суы секілді тез суалар; Жұмысы жоқтық, тамағы тоқтық, аздырар адам баласын; Сақалын сатқан кәріден, еңбегін сатқан бала артық; Адам естіп-білгені арқылы ғана жетілмейді, еңбек пен іс-әрекет үстінде қалыптасады; Жеңіл еңбекпен бақытты бола алмайсың; Еңбек – рахаттың атасы; Егер адам бір-біріне мүлдем қарама-қайшы екі істі бірден қолға алса, оның бірі сөзсіз сәтсіздікке ұшырайды; Көкейдегі ойды айқын түсіндіретін нәрсе – адамның еңбек әрекеті; Толассыз еңбек тосқауылды бұзып өтеді; Ең әуелі ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек; Адал белсенді еңбек, ерік пен мінездің жарасымды бітімін жетілдіре түседі және т.б. [5]. Осы тұрғыдан алғанда мектеп жасына дейінгі балалардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру олардың дүниетанымы мен сана-сезімін жетілдірудің ерекше жолы. Өйткені, қарым-қатынас – білім мен біліктілік, дағды және адамның ішкі құндылықтарына негізделген мәдени сауаттылығы Ұлттық құндылықтарға негізделген қарым-қатынас мәдениеті мектеп жасына дейінгі балалардың саналы көзқарасын, ізгілікті қарым-қатынас орнатуына, рухани-адамгершілік құндылықтарының қалыптасуына, жүйелі іс-әрекет жасауына мүмкіндік береді.

Әлемде қанша ұлт, нәсіл болса, соларды бір бірінен даралап тұратын басты бойтұмары – туған тілі. «Әр халықтың ана тілі-білімнің кілті», – деп Ахмет Жұбанов тілдің адамзат өміріндегі маңызын аша түсті. Ана тілінің құдіреті жайлы қаншама ойшыл, ақын жазушыларымыз, даналарымыз құнды пікірлер қалдырды. Осынау бабаларымыз сөйлеп, даналарымыз толғап, аналарымыз әлдейлеп өскен қазақ тілінің еліміздің болашағының көркеюіне зор ықпал етуі ақиқат [6].

Алайда, егер біз қазіргі қоғамының ғылыми санасын өзге тілде ғана қалыптастыратын болсақ, онда жалпыұлттық санамызға үлкен нұқсан келеді. Себебі ұлттық сана тұтас дүние сияқты көрінгенмен, ол бірнеше элементтен құралады. Ұлттық сананың тарихи сана, тілдік сана, діни сана, эстетикалық сана, құқықтық сана сияқты т.б. бірнеше түрі бар. Соның ішіндегі ең мықтысы – ғылыми сана. Егер ғылыми сана сол ұлттың өзінің тілінде қалыптаспайтын болса, онда сол ұлт өкілдерінің түсінігінде қазақ тілі, яғни олардың ана тілі ғылымның терең қалтарыстарын жеткізуге қауқарсыз тіл деген нигилистік сезім қалыптасады. Бұл өте қауіпті. Ал ғылыми сана

ойсыраған ұлт қандай қауіптерге ұшырайды? Ең алдымен, деструктивті элементтер күшеюі, экстремистік сана белең алуы мүмкін. Себебі ғылыми сана бар жерде мұндай теріс құбылыстарға жол жоқ. Ал ғылыми сананы қалыптастыру үшін не істеуіміз керек? Ғылыми сана қай кезде қалыптасатынын ғалымдар айтып берген, ол баланың 6-7 жас аралығы, әсіресе сол кезеңде бала тұтынатын ақпараттардың ішінде ғылыми контентті, оның сапасын арттыру керек. Ғылыми ақпараттарды жасөспірімдерге қызықты түрде насихаттайтын телеарналар, интернет ресурстар, әлеуметтік желілердегі контент, мерзімді басылымдар аса қажет. Бір өкініштісі, мұндай дүниелер Қазақстанда тым аз десек болады.

Осы орайда, мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі — дидактикалық ойындар арқылы тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептелінеді. Дидактикалық ойын арқылы сөздік жұмысын жүргізе отырып, балаларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр- түсін және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретуге болады. Дидактикалық ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ұлттық ойындарды ойнау барысында бала ешнәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал, еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Халық даналығында «Ойнай білмеген, ойлайда білмейді», «Ойында озған, өмірде де озады» деген аталы сөздер сырына жүгінсек, мектепке дейінгі жастағы баланың ойынға деген құлқы, қарым-қатынасы, мінез-құлық көріністері олар өсіп-есейгенде де жалғаса береді.

Мәселен, «Асық ату», «Сақина тастау», «Сөз табу», «Ақ сере пен көк серек» және т.б., ұлттық ойындарды ойнату, олардың қоғамдық санасын, тілін дамытуға, шығармашылық әрекетін байытуға бағытталады. Баланың ойын кезіндегі қимыл-қозғалысы дене бітімін жетілдірсе, ал қарым-қатынастағы пайымдаулары өзіндік таным-түсінік, мінез-құлық әдептерін бекітуіне әсер етеді. Бала ұлттық ойындар арқылы бір әрекеттен екінші әрекетке ауыса отырып, өзіне түрлі ақпараттар алады, дүние сырын ашады [7].

Қортындылай келе, қазіргі мектеп жасына дейінгі балалардың тәрбиешілері - олардың шығармашылық, креативтілік, коммуникативтілік қабілеттерін жетілдіру үшін, сөзін мұқият тыңдау, дұрыс үлгілік сөйлеу дағдыларын, ана тілінің грамматикалық ережелерін ескеріп, сөйлемдерді құруды қалыптастыру, лепті интонацияны түсінуді дамыту, қоршаған орта туралы білімін кеңейту, сенсорлық қабілеттерін дамыту, сенімді әрекеттерге қызығушылықтарын ояту, байқампаздығын және т.б. білімдерін және дағдыларын дамыту міндеттерін табысты орындай білуі қажет [7].

Пайданылған әдебиеттер тізімі

1. Алғашқы педагогикалық ой-пікірлердің дамуы // Ғылым және білім - 2008: жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының материалдар жинағы. - 3-бөлім. — Астана: Л.Н.Гүмилев атындағы ЕҰУ, 2008. — Б.233-235.
2. Әл-Фараби, Философиялық трактаттар, Алматы, 2003, 115-116 беттер
3. Ұзақбаева С.А., Шалғынбаева Қ.Қ, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың педагогикалық көзқарастары. — Алматы, «Білім», 1998. — 126 б.
4. Қожахметова К.Ж. Халықтық педагогиканы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері. — Алматы, РБК, 1993. — 162 б.
5. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. — Алматы, «Санат», 1995. — 552 б.
6. Жубанова А. Общелингвистическая концепция Афтореф. дисс... канд.филол.наук. —Алматы, 2000. — 28 с
7. Педагогтің кәсіби стандарты Жалпы ережелер. «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша